


Педагогтерді аттестаттаудың жаңа қағидалары мен шарттары (2025-2026)



Негіздеме: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығы
Мақсаты: Педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау және санаттар беру/растау.

Негізгі ұғымдар мен мерзімдер

Аттестаттау кезеңі:

Педагогтер, әдіскерлер, орынбасарлар:



5 жылда кемінде 1 рет.




Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары: 3 жылда 1 рет.

Негізгі платформалар:

"Ұстаз" (Платформа): Мәліметтер жинау және өңдеу.

Электрондық үкімет (E-gov): Жоғары санаттарға құжат тапсыру.






Аттестаттаудың кезеңдері

Аттестаттау 3 негізгі рәсімнен тұрады:

1. Біліктілікті бағалау: Портфолио мен құжаттардың сәйкестігін тексеру.
2. ПББ (Педагогтің білімін бағалау): Тестілеу рәсімі.
3. Кешенді талдамалық жинақтау: Педагогтің жетістіктері мен қызметінің нәтижелерін талдау.



Біліктілік санаттарының иерархиясы

Педагог-тағылымдамашы: Жұмысқа жаңа орналасқандар.

Педагог: 1 жыл өтілден кейін (тестсіз, бұйрықпен).

Педагог-модератор: Кемінде 2 жыл өтіл.

Педагог-сарапшы: Әдістемелік қолдау көрсетеді (аудан деңгейі).



Педагог-зерттеуші: Тәжірибе таратады (облыс деңгейі).

Педагог-шебер: Авторлық бағдарламалар (республика деңгейі).





Санаттарға қойылатын талаптар (Құзыреттіліктер)



Санат

Негізгі талап

Модератор

Мектеп деңгейіндегі олимпиада жеңімпаздарын дайындау, әдістемелік материалдар.

Сарапшы

Аудан/қала деңгейінде әдістемелік қолдау, кәсіби шеберлік конкурстары

Зерттеуші

Сабақты зерттеу (Lesson Study), облыс деңгейінде тәжірибе тарату.


Шебер

Республикалық деңгейдегі авторлық бағдарламалар, оқулық авторы болу


Комиссиялардың деңгейлері

Аттестаттау органы санатқа
байланысты бөлінеді:

1. Білім беру ұйымы: "Педагог-модератор".
2. Аудандық/Қалалық бөлім: "Сарапшы", "II және III санатты басшы/орынбасар".
3. Облыстық басқарма: "Зерттеуші", "I санатты басшы/орынбасар".
4. Министрлік (ОАМ): "Педагог-шебер".



Жеңілдіктер мен ерекше жағдайлар




Зейнеткерлер: Зейнетке шығуға 4 жыл қалған педагогтер аттестаттаудан босатылады (санаты сақталады).

Өндірістен келгендер: 5 жыл өтілі барларға "Модератор", 10 жыл өтілі барларға "Сарапшы" бірден берілуі мүмкін.

Арнайы бағдарлама (Тапшы өңірлер): Тартылған мамандарға санаттар тестілеусіз (өтініш бойынша) бір деңгей жоғары беріледі.

Халықаралық сертификаттар: CELTA, DELTA бар шет тілі мұғалімдеріне "Модератор" санаты беріледі.



Санатты сақтау мерзімдері

Келесі жағдайларда санат жұмысқа шыққан соң 2 жылға дейін сақталады:

Еңбекке жарамсыздық (ауыр аурулар).

Бала күтіміне байланысты демалыс.

Шетелде оқу немесе тағылымдама.

Әскери қызмет.

Басқа мектепке немесе мемлекеттік қызметтен педагогикалық лауазымға ауысу.



Апелляция және шағымдану

Апелляция: ПББ нәтижесімен келіспеген жағдайда беріледі.

Мерзімі: Шағым берушінің арызы тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде (Министрлік деңгейінде 15 күнге дейін).

Сотқа жүгіну: Тек сотқа дейінгі (әкімшілік) шағымданудан кейін ғана рұқсат етіледі.

